

А.А.Жұмашова

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі, Шымкент

Отырар өркениетінің заттық және рухани мәдениеті

Мақалада Ежелгі және Орта ғасырдағы Отырардың заттық және рухани мәдениеті туралы баяндалған. Оның ішінде бүкіләлемдік өркениетте өзіндік тарихи орны болған Отырар өркениетінің тағы бір негізі Отырардан шыққан Әбу Наср Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлағ ибн Тархан әл-Фараби мен оның ізбасарларының — энциклопедияшы-ғұламалардың, ақын-жыраулардың, сазгерлердің т.б. өнер иелерінің артында қалған мәңгі өшпес ілімі мен өнері зерттелді. Сондай-ақ Отырар оазисіндегі ортағасырлық қалалар мен бекініс-қамалдардың, су жүйелерінің қалдықтарын кешенді түрде зерттеп, олардың өмір сүре бастаған алғашқы жылдарынан бастап XVIII ғасырға дейінгі заттық-тұрмыстық мәдениетінің ескерткіштері зерттелді. Олардың ғылымға «Отырар-Қаратау археологиялық мәдениет ескерткіштері» деген атпен енгізілгені көрсетілді.

Кілтті сөздер: Отырар, өркениет, мәдениет, заттай мәдениет, рухани мәдениет, Ұлы Жібек жолы, Отырар тарихы, археологиялық ескерткіштер, қазба жұмыстары, суландыру.

Ежелгі заманнан-ақ Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны көктей өткен Ұлы Жібек Жолы арқылы Үнді, Қытай, Византия, тағы басқа мемлекеттермен үнемі ғылыми, мәдени, экономикалық, дипломатиялық байланыста болып, қалаларында ғылым мен мәдениеті, сауда өндіріс, далаларында егін, мал шаруашылығы қатар дамыған, қазақтың ұлт болып қалыптасқан алтын бесігі, отырықшы мәдениеттің ошағы, алғашқы адамдардың тұрағы, әлемдік мәдениеттің ірі орталықтарының бірі, дүниеде теңдесі жоқ ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің туылған жері, Қ.А.Иассаuidің ұлы ұстазы, бабтардың бабы Арыстанбабтың, Орта Азияны билеген ұлы Әмірші Әмір Темірдің Алла аманатын тапсырған жері, Отырар алдымен араб пен монғол шапқыншылығына, содан кейін Қазақ хандығымен Әбілхайыр әулетінің Мауреннахр билеушілерінің Сыр бойы үшін болған өзара қырқысына, жоңғар шапқыншылығына ұшырап, ақыры Отырар суландыру жүйесі талқандалып, Отырар кітапханасы жойылып, Ұлы Жібек Жолындағы қатынас үзіліп, өндіріс тоқтап, қалалары құм басқан төбелерге, далалары шөлейтті аймаққа айналды.

Орыс, қазақ деректеріне қарағанда, Отырар қаласының соңғы тұрғындары оны XVIII ғ. орта тұсында тастап, Түркістан, Шілік, Шымкент жағына көшіп кеткен.

Бірақ Отырар тарихқа Отырар өркениеті деген атпен еніп [1; 5], қазақ еліне оның ежелден-ақ қалыптасқан мемлекеті мен саяси хал-ахуалының белгісі ғылым мен мәдениеттің жалғасы болған Отырарда қатар қанат жайған мәңгі өшпейтін адамзаттың заттық және рухани асыл мұраларын қалдырды.

Отырар жайында көне грек оқымыстысы Птолемей, араб пен парсының түркінің жиһан кезген атақты географтары, шежіреші-тарихшылары Әбу Исхак Ибрахим әл-Истахри (899–952 жж.), Әбу Райхан Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бируни (X–XI ғғ.), Шамсад-Дин Әбу Абд Алла Мұхаммед әл-Мақдиси (X ғ.), Якут әл-Хамауи, Әбу Джағхар Мұхаммад ат-Табари (923 ж.), Из-ад-Дин Әбу-Хасан Әбу ибн әл-Асир (1161–1234 жж.), Фазлалла Рашид ад-Дин (1247–1318 жж.), Әли-ад-Дин Ата Малик Жуаини (1226–1283 жж.), Мұхаммед ибн Ахмед әл-Насауи (1245 ж.), тағы басқалар картаға түсіріп, тарихи деректер жазып қалдырды.

Ал біздің заманымызда Отырар тарихын В.В.Бартольд, А.К.Кларе, А.А.Черкасов, Е.И.Агеева, А.Н.Бернштам, Г.И.Пацевич, Ә.Марғұлан, А.Машанов, К.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, А.Әлімов, А.Алтаев, Ә.Жәнібеков, Ә.Дербісалиев, А.Жұмашов, М.Қожаев, тағы басқалар зерттеді. Сондай-ақ әдебиет тарихында Д.Досжанов, Х.Әдібаев, О.Сүлейменов, М.Шаханов Отырар тарихы жайлы қалам тартты.

Жоғарыда аталған зерттеушілердің ішінде Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясына қатысқан А.Н.Бернштам, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич (1947–1951), К.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович (1969–1992) қазақ зиялыларының арасында «Дала археологы», «Музей адам» деген лақап аттармен белгілі болған отырарлық өлкетенушілер А.Әлімов, А.Алтаев, тағы басқа археолог-ғалымдар Отырар алқабындағы қалалардың өмір сүре бастаған алғашқы жылдарынан бастап XVIII ғ. дейінгі заттық-тұрмыстық мәдениеттің ескерткіштерін тауып, ғылымға «Отырар-Қаратау археологиялық мәдениет ескерткіштері» деген атпен енгізіп, мұражай ашты.

Отырар өркениетінің негізі болған, жоғарыда табылған заттық-тұрмыстық мәдениеттік ескерткіштерінің ішінде Отырарға тән түрлі үлгідегі саз балшықтан күйдірілген қыш ыдыстарда, металдан соғылған білезік, жүзік, сақина, сырға, қапсырма т.б. зергерлік әшекейлерде, еңбек құралдарында, тастан қашалған, шыныдан жасалған бұйым құралдарда қазақтың қолтума өнерінің сарындары молынан байқалады. Сондықтан мұндағы археологиялық Отырар-Қаратау мәдениеті ескерткіштерінің біз үшін маңызды болатыны олардың малшылықпен қатар дамыған егіншілік дәстүріне бейімделгендігінде ғана емес, байырғы қазақ тұрмысы мен мәдениетін еске салатындығында болып отыр [1; 6]. Ал XVIII–XIX ғғ. этнографтардың, географтардың, саяхатшылардың еңбектерінде бұл бұйымдардың бәрі де қазақтарға тән екендігі жазылған.

Жалпы жоғарыдағы археологиялық, этнографиялық және фольклорлық зерттеулер бойынша қалыптасқан ғылыми пікірлерге жүгіне отырып, Отырар өркениеті қалыптастырған қолөнерінің қазаққа тән екендігін және бұл өнердің Отырар өркениеті тарих еншісіне кеткенмен, ұлттық сипат алып, күні бүгінге дейін осы жердің түп тамырлы қолөнері ретінде ел ішінде сақталып, қазақ тұрмысында кеңінен қолданылып келгендігін айтуға болады.

Бүкіләлемдік өркениетте өзіндік тарихи орны болған Отырар өркениетінің тағы бір негізі Отырардан шыққан қазақ халқының тағдырлас Әбу Насыр әл-Фараби мен оның ізбасарларының, энциклопедияшы-ғұламалардың, ақындардың, сазгерлердің т.б. өнер иелерінің артында қалдырған мәңгі өшпес ілімі, өнері деуге болады. Өйткені Отырарда заттық және рухани мәдениет қатар қанат жайып дамыған болатын.

Отырар қаласы XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басынан бастап зерттеле бастады. 1895 жылы А.К.Кларе, А.А.Черкасов Отырарда ең алғаш рет қазба жұмыстарын жүргізіп керамика коллекцияларын, кірпіш, мыс теңгелер тапты. 1946 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылды, оны А.Н.Бернштам басқарды, экспедицияның басты жұмысы Отырар оазисі болды. Алғашқы жылы Пышақшөтебе, Сырдарияның сол жағалауындағы төбелер Бұзық, Оқсыз, Артық Ата, Сумағартөбе зерттелген. 1949–1951 жж. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Құйрықтөбе, Көкмардан, Алтынтөбеде қазба жұмыстарын жүргізеді. 1969 жылы Отырар археологиялық экспедициясы құрылып, Отырартөбе қалашығы негізгі объект болды. Ең негізгі жұмыс қаланың топографиялық планын түсіру болды. Әсіресе 1971 жылдан бері қарай Қазақ ССР Ғылым академиясы Тарих, археология, этнография институтының Оңтүстік Қазақстан комплексті археологиялық экспедициясы ұйымдастырғаннан кейін ғана мұнда өріс алды. Отырарда, Көкмарданда, Құйрықтөбеде көптеген көне және ортағасырлық зираттарда қазба жұмыстары жүргізілді.

Қазақ даласында көне дәуірлердің көзіндей болған 25 мыңнан аса тарихи жәдігерлер бар. Ежелгі қолөнердің биік туындылары болып саналатын археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған алтын, күміс, мыс теңгелер, терракота, керамика, шыныдан жасалған заттар және әр түрлі этнографиялық салаларға жататын тұрмыс бұйымдары, шаруашылық құрал-саймандары мен аспаптар, киім-кешек т.б. көріп көңіл толтырар мұралар бір күннің, бір жылдың емес, ғасырлар бойғы халық мәдениетінің, өнерінің көрінісі, мұнда әр ұрпақтың үлесі бар.

Отырар отырықшы мәдениеттің ошағы болған, К.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович зерттеулері бойынша Отырарда XI–XVII ғғ. тән тұрғын үй құрылыстары анықталды. Тұрғын үйлердің бірнеше үлгілері бар — әсіресе екі, үш бөлмелі және астық сақтайтын қойма болып келетін үйлер көп кездеседі.

VII ғ. екінші жартысына, VIII ғ. алғашқы жартысына тән тұрғын үйлер Құйрықтөбе қаласының орнын қазу жұмыстарынан мәлім. Мысалы, 28 ш. м екі бөлмелі тұрғын жайдың қоймасы 16,8 ш. м болып келген. Тұрғын жайдың оңтүстік жағындағы қабырғасында ені 1,7 м сәкі бар, ал бөлменің ортасында жер ошақтың күйген орны сақталған.

Отырар тұрғын үйлерінің мына бір үлгісі екі немесе үш бөлмелі болып келіп, сәкілер бөлменің жартысын, тіпті оның бүкіл көлемінің үлкен бөлігін алып тұрады. Сондай-ақ Көкмардан, Пұшықмардан, Марданкүйік, Құйрықтөбе қала жұрттарындағы қазба жұмыстары б.д. I мың жылдықтың бірінші жартысы — VIII ғғ. жататын құрылыс орындарын ашты. Бір–үш бөлмелі үйлер қам кірпіштен салынған, еден қабырғалары саз балшықтан салынып, қабырға бойымен сыпалар жасалынған. Отырар өңіріндегі археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған екі бөлмелі үйлер тұрғын жай мен қоймадан тұрады. Қабырғаларды бойлай ені әр түрлі сәкі салынған, ортасында ошақ орналасқан. Отырар өңіріндегі тұрғын үйлер мына үлгіде болып келеді: екі бөлмелі үшінші бөлме қойма-астық сақтайтын бөлме әр түрлі көлемде сәкі орналасқан және сәкінің шетіне таман текше орнатылып, оған сыланған тандыр қойылған.

Тұрғын үйлердің ең ежелгі табиғи түрі — үңгірлер, ал ең ежелгі құрылыс материалы тас болды. Қала үйлерімен қатар далаларда қазақтар қарашадан наурызға дейін қыстау деп аталатын қоныста өмір сүрді. Қыстаудағы үйлер сол өңірдің ауа райына байланысты ағаштан, құйма кірпіштен, таулы жерлерде тастан салынды.

Тұрғын үйлердің Оңтүстік Қазақстандағы, Орталық Қазақстандағы, Солтүстік Қазақстандағы сипатты белгілерінің бірі тұрғын үйді қамба, қоймалармен ұштастыру, бөлмеде қабырғаларды бойлай ені мен биіктігі әр түрлі сәкі орналастыру, сондай-ақ тұрғын үй бөлмелер саны екі немесе үш бөлмелі болып келуі де қала мен даланың тұрақты тұрғын жайларына тән ортақ нәрселер. Мысалы, Көкмарданда аршылған үйдің мына бір түрі екі бөлмелі болып келеді, екінші бөлме — қойма ретінде. Оңтүстік-шығыс қабырғаларды бойлай салынған Г тәрізді сәкі, шыға беріске жақын жерде орналасқан тік бұрышты ошақ, шығыс қабырғада ашық пештің орналасуы сияқты жоба тән [2; 61]. Отырар тұрғын үйлеріне ұқсас үйлер Түркістан, Сауран қаласынан 7 км оңтүстік-батыста орналасқан Жалғызтамда, Қаратаудың солтүстігінде, Күлтөбе қалашығында бар. Отырар тұрғын үйлерінің жоспары Орта Азия мен Қазақстан халқының барлығына тән екені анықталды.

Отырар алқабының қалаларында тұрғындардың тұрақты әрі ұзақ уақыт бойы отырықшы болғандығын дәлелдейтін б.д. II ғ. тән дәнүгіткіш, V–VI ғғ. тән мақта мен бидай қалдықтары. VIII–X ғғ. тән су құбырларының қалдықтары, дәнді-дақылдар мен дәндердің табылуы, бидай сақтайтын қамбалардың болуы, еден сылағы мен шикі кірпіште кездесетін сабан, табылған дәнтартқыштар, дән қорын сақтауға арналған хумдар, тас кетпендер, сүйектен жасалған егін шаруашылығы құралдары бәрі-бәрі мұнда егін шаруашылығының дамығанын көрсетеді [2; 63].

Отырар суландыру жүйесі орта ғасырдағы Орта Азияның ең қуатты, сол заманның ең алдыңғы қатарлы техникалық мүмкіндіктеріне сай құрылған тоғанды, шығырлы су жүйелерінің бірі еді. Сондықтан да Отырарда егіншілік мәдениеті мықтап дамып, бұл алқапта тары, күріш, жүгері, бидай т.б. азықтық дақылдардан, мақта мен мақсарыдан, асқабақтан, қауын-қарбыздан, жүзім-алмадан басқа да жеміс-жидектерден жоғары өнім алынған. Өз шығармаларында заманалық үлкен оқиғаларға да үн қосқан, тарихи тақырыпқа да қалам тартқан Отырар алқабында дүниеге келген ақын [3] Садуақас Жакашұлының:

*Батыс жақта Жалпақтөбе Отырар,
Ескі қала тарихтағы аты бар.
Отырардың ордасы екен сол төбе,
Не жүз мыңдап миллиондаған халқы бар.
Өлі дала, жалпақ жатқан тегісі,
Уақытында болған елдің егісі,
Алтыс екі дақыл түгел егіліп,
Жеткілікті болған түгел жемісі, —*

деуіне қарағанда Отырар дикандары ирригациялық құрылыс жұмыстарын, өсімдіктану ғылымын жетік меңгерген нағыз ауыл шаруашылық кәсіпкерлері болған.

Ежелгі заманнан бастау алған Отырар суландыру жүйесінің даму тарихы адамзат қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуына орай бірнеше кезеңдерге бөлінеді.

Археологиялық-топографиялық зерттеулерге қарағанда жерді қолдан суару әдісі Сырдария мен Арыс өзендерінің жағасында ерте Темір дәуірінен басталады. Б.э.д. I мыңжылдықтың ортасында егісті ызаға еккен, бұл біздің дәуіріміздің I–VI ғғ. дейін жалғасқан. Ал VII–IX ғғ. мемлекеттің қалыптасып қала шаруашылығының өркендеуіне байланысты егінді ызаға егу әдісі бірте-бірте тоғандап, байлап, керегінше ағызып ала беруге болатын тасқын суды пайдалану әдісіне және кәрізге ауыса бастаған. Осының негізінде магистралдық каналдар қазылып, оның жер бетінен төмен тарамдарына көлден тартылған арықтарға шығырлар орнатылды.

Отырарда осындай механикаландырылған магистралды қуатты су жүйесінің болуы осы алқаптағы елдің кәсібіне, егіншіліктің дамуына зор ықпал еткен.

Отырар өркениетінде су жүйелерін құру ісі тікелей мемлекет ықпалында болған. Отырардың ер жүрек әкімі Қайырханның (лақап аты Ягантуғди) тұсында ерекше қарқында жүргізілді. Бірақ XIII ғасырдағы монғол шапқыншылығы Қазақстанның оңтүстігіндегі адамзатқа орасан зор пайда келтіріп тұрған атақты Отырар суландыру жүйесін талқандап, бұл өлкеде суармалы егіншіліктің дамуын тежеп, оның мүлдем құлдырауына әкеп соқты. Әйтсе де XIII ғ. 40-жылдарынан бастап Монғол империясының мүдделігінен, бір жағы Отырар дихандарының азаткерлік еңбекқорлығының арқасында бұрынғы бұзылған су жүйелері қайта қалпына келтіріліп, егіншілік қайта жандана бастайды.

Монғол империясының саяси-әлеуметтік әсері әлсіреп, ұлттың, мемлекеттің саяси-әлеуметтік құрылымдық белгілері айқындала бастаған тұста XIV–XV ғғ. Отырар суландыру жүйесі ерекше дамиды. Қазіргі Шәуілдір қыстағының оңтүстік-шығыс жағындағы ұзындығы 40 шақырым, секундына 5–7 т. м су жіберетін атақты Темірарық осы кезеңдерде қазылса керек.

Қазақ хандығының қалыптасу тарихында маңызды орын алған Отырар суландыру жүйесі XVIII ғ. басында өмір сүруден қала бастайды. Мұның себебі, біріншіден, Орта Азия билеп төстеушілерінің Сыр бойы үшін толастамаған шабуылдары мен жоңғар шапқыншылығының зардабы болса, екіншіден, өзара ішкі қырғи қабақтың салдары болды.

Отырар алқабына 1762 ж. П.И.Рычков келгенде Отырарда егіншілікпен айналысып отырған 40 үй ғана бар екен [4]. Бұлар қалмақтардан бас сауғалай Самарқанға қашқандар, тоғай, құм паналап, тығылып қашып, кейін ес жиған соң туған қаласына қайта келгендер еді. Бұлар кейін Шілікке, Түркістан мен Шымкентке көшіп кетіп, әлемге белгілі Отырар қаласы құм басқан Отырартөбеге айналып, оман-арықтары көміліп, олардың сілемі ғана қалды. Сөйтіп, Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуына зор ықпал етіп, Орта Азиядағы ондаған қалаларды, қуатты армияны азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұрған Отырар суландыру жүйесі — егіншілігі жойылды. Әйтсе де отаршылдықтың, саяси-экономикалық ойранына ұшыраған бұл өлкеде ел қамын ойлаған есті азаматтар әр кезде де Ежелгі Отырар суландыру жүйесінің ізімен канал қаздырып, оған су шығарып, егіс егіп, елді диканшылыққа жұмылдырып ашаршылық апатынан қалып отырған. Солардың бірі XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың белгілі ақыны Майлықожа Сұлтанқожаұлы еді.

Қазақ халқы өз тұрмысына керек заттардың бәрін қолөнер арқылы жасады, өзінің тұрмыс-тіршілігін қоршаған дүниені әсемдікті қолөнерде көрсете білді. Осындай қолөнеріміздің озық үлгілері — археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған саздан жасалған, тастан, сүйектен, шыныдан, металдан жасалған заттар мен XVIII–XX ғғ. тән этнографиялық зергерлік бұйымдар: білезік, сақина, шекелік, сырға, шашбау, шолпы, бойтұмарлар және сүйектен, ағаштан, металдан жасалған заттар арқылы көшпенділер атанған қауымның ғылыми пайымы мен рухани өресі аса жоғары болғандығын дәлелдеді.

Отырар және онымен іргелес жатқан қалашықтардың орнынан археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған саз балшықтан жасалған ыдыстар — құмыралар, тостағандар, көзелер, саптыаяқ пен кеселер, хумдар, зергерлік бұйымдардағы Отырар-Қаратау мәдениеті деген атпен танылған әсем ою-өрнектер қала мәдениетінің жоғары өреге көтеріліп, ғылымның дамығандығын көрсетеді. Саздан жасалған жәдігерлердің түріне, өрнегіне қарап қай ғасырға жататыны анықталады. К.Ақышев өз еңбегінде былай деп жазады: «Керамика барлық уақытта да сән талғамының дәрежесін байқатып отырады» [5; 69]. Саздан жасалған жәдігерлердегі белгілер — крест, айыр, дөңгелек, қисық сызықтар, үш бұрышты т.б. болып келеді. Аталған белгілер ыдыс жасаған шеберлердің белгісі болуы мүмкін, екіншіден, тіл-көзден сақтасын деген түсінік де болған, ал ыдыс сыртындағы ағылған бояулар — ас мол болсын деген белгі болуы да мүмкін. Далалық өркениеттің негізі Қазақстан қалалары әсіресе X–XII ғғ. гүлденіп, мәдениет, ғылым мен өнер шыңына жетіп, қолөнер, сауда мен ауыл шаруашылығының шоғырланған орны болды. Бұған Ұлы Жібек Жолы басты рөл атқарды. Халықтың өмір сүретін аймақтарына байланысты ою-өрнек үлгілері дамып отырған. Мысалы, отырықшы өркениеттің өнері өсімдік өрнектері болса, көшпелілер мәдениетінде, ыдыстарда айбарлы жолбарыс, таутеке, барыс, қабан, арқар, құлан, кер марал секілді жануарлар суреті салынды. Отырар, Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Көкмардан т.б. қалалар мен қалашықтарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған заттардағы ою-өрнектер қоғамның дамуы жайында мол мағлұмат бере алады. Жоғарыдағы аталған заттардағы ою-өрнектерге қарап, ата-бабаларымыз табиғатта болып жатқан сұлулықты ою-өрнекке түсіріп, сол ою-өрнек арқылы әсемдікті насихаттағаны белгілі екенін түсінеміз. Мысалы, Отырар, Көкмарданнан табылған ыдыс тұтқаларында қошқар бейнесі бейнеленген. Қошқар бейнесі салынған қыш бұйымдар Сыр бойын, оның ішінде Отырар төңірегін мекендеген тайпаларға тән. Қошқар мүйіз өрнегі — байлық пен молшылықтың нышаны, батырлықтың, мықтылықтың символы, өніп-өрбу мен құт символы. Отырар керамикасы ата-бабаларымыздың өмірін, өнерін, талғамын, әлеуметтік дүниесін түсіну үшін аса қымбат материал болып табылады [5; 74].

Отырар өңірінің тұрғындары металл қорыта білген, тұрмысқа қажетті құрал-саймандар, қару-жарақ түрлері және зергерлік әшекей бұйымдар жасап, теңгелер соққан.

Зергерлік өнері — өте ерте замандардан келе жатқан ісмерлік түрі. Отырар зергерлері алтыннан, күмістен, бояма шынылардан, қоладан түрлі әшекейлер жасады. Бұлар III–V ғғ., X–XII ғғ., XVI–XVII ғғ. тән әшекейлер: ақ, қара, көк түсті шыныдан жасалған өрнектер түсірілген моншақтар, көбінесе

әйел қабірлерінен табылды. Әсіресе формасы сопақша болып келген шиша пастасының үстіне аспан көк, қоңыр түсті сұйық шиша пасталарын жағып, толқын тәрізді өрнек түсірілген моншақ ерекше көз тартады. Сондай-ақ ромб тәрізді болып келген көк түсті тастан жасалған X–XII ғғ. тән Қоңыртөбеден табылған моншақ және б.д. III–V ғғ. тән ағаттан жасалған Көкмарданнан табылған формасы дөңгелек болып келген моншақ. Жұмыр немесе цилиндр тәрізді көкшіл шыны тәрізді заттан жасалған моншақтар мен дөңгелекше болып келген кедір-бұдырлы моншақтар да жиі кездеседі. Отырардан табылған XIII–XIV ғғ. тән қоладан жасалған 8,7 см формасы дөңгелек астыңғы бетіне қалыппен өсімдік тектес өрнек түскен айна ерекше көз тартады. Айналардың бір тобы сырт жағында зооморфты өрнекті болып келген жиектеріне өсімдік сабақтары жүргізілген балық бейнесімен безендірілген бірнеше айна сынықтары сақталған. Зергерлік өнердің жоғары деңгейде болғанын көрсететін иіс су ыдысының алтын қорабын ерекше атауға болады, бес қырлы болып жасалып, түбі ашық үсті бес қайтарадан айналдыра сатыланып бірте-бірте кішірейіп төбесі тәж тәрізденіп аяқталған, қақпағы бар. Отырар қаласының орнынан табылған шаш түйреуіштің бас жағына қонақтап отырған құс бейнеленген, ал Көкмарданнан табылған тұмаршаларда ешкі бейнесі бейнеленген. Бұлар зергерлік әшекейлерді безендіргенде жануарлар стилін пайдалану кең етек жайғанын дәлелдейді. Халық қолданбалы өнерінің жәдігерлері зергерлік бұйымдардың бірнеше түрін XVIII–XX ғғ. да зергерлер жасап шығарды. Атап айтатын болсақ: шашбау, шолпы, сақина, шекелік, бойтұмар, тана, жүзік, алқа. Олардың безендірілуінде ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі зергерлік бұйымдармен ұқсас жақтары бар.

Қазақ халқының қолөнерінде сүйек пен мүйіз ұқсату ісі — өте ерте замандардан келе жатқан іс-мерлік түрі. Сүйек пен мүйізден еңбек, қару-жарақ құралдарынан бастап, үй жиһаздары мен ыдысаяқтарды, т.б. көркемдеген және жасаған. Қазақ тұрмысында сүйек пен мүйізден әшекейленетін, жасалатын заттар тіпті көп. Олардың бір парасы мынау: киіз үй, кебеже, төсағаш, сандық, адалбақан, піспек басы, ожау, қасық, ер, қобыз, домбыра, пышак, ұстара сабы, кергі, қылыш, үзеңгі т.б. Сүйек пен мүйіз ұқсату өнері Отырар өңірінде ертеден-ақ дәстүрлі қолөнерге айналғаны археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған сүйектен жасалған оюлы пышак, түйме, қапсырма, ұршықбас т.б. өңделген сүйек бұйымдары арқылы белгілі.

Ұлттық қолөнеріміздің озық үлгілері көшпелі мал шаруашылығынан жартылай отырықшылыққа ауысып егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысқа қажетті ағаштан жасалатын бұйымдары болып табылады. Ағаш шеберлері еңбек, қару-жарақ құралдарынан бастап, үй жиһаздары мен ыдысаяқтарды, музыкалық аспаптарды, киіз үйдің ағашын т.б. бұйымдарды жасап көркемдеген. Отырар алқабынан археологиялық қазба жұмыстары барысында ағаштан жасалған тақтайлар, тарак тәрізді заттар табылды. Мысалы, Отырар алқабындағы ескі Құйрықтөбе қаласының қамалын қазып ашқанда, ортасында аумағы 157,5 ш. м тең салтанат залы бар сарай кешені аршылды. Табылған тақтайлардың бірінде аң бейнелі тақта отырған қос құдай жұбы суреттелген [6].

Отырар өңірінде ұсталық өнердің жоғары дәрежеде болғанының бір белгісі — шыны өндірісінің дамығаны. Шыныдан жасалған заттар Құйрықтөбе, Отырартөбе, Қоңыртөбеден табылды. Жасыл, қызыл, қоңыр, сары түстерден саптыаяқ, бокал, графин, түбек, моншақтар, жүзік көздерін жасаған. Отырар алқабынан табылған шыныдан жасалған заттар X–XIV ғғ. тән болып келеді. Мысалы, Құйрықтөбеден табылған жасыл түсті шыныдан жасалған, сопақша болып келген саптыаяқ Таразда көп кездеседі [7]. Ал Құйрықтөбеден табылған түбектің мына бір түрі ерекше сипатты, оның шыны түсі көгілдір, биіктігі 12,2 см.

Дүниежүзілік ғылым мен мәдениетте өшпес із қалдырған ғұлама бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби және оның арғы-бергі ізбасарларының XIX–XX ғғ. әдебиет сахнасына шыққан Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Жүсіпбекқожа Шайқысламұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Мырзабек Байжанұлы, Айтбай Белгібайұлы, Садуақас Жақашұлы, Байбосын Күзенбайұлы, Елеусіз Байырбекұлы, Балтабай Тебейұлы, Тәушен Әбуова сынды өнер иелерінің, әлемдік поэзияның алыбы Мұхтар Шаханов пен халық ақыны Әселхан Қалыбекованың, аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдаяқов сынды өнер иелерінің отаны. Отырар рухани мәдениетіміздің дамыған, қалыптасқан және оның біздің заманымызға жеткен көптеген ескерткіштері сақталған аймақ. Оған адам баласының рухани жан дүниесін көрсететін Үсіқтастағы, Боралдай бойындағы таңбалар, Қаракөншек маңынан табылған тұтқалы құмырадағы, Шардара қаласының шет аймағынан табылған ыдыстағы, Отырардан табылған су құбырындағы, құлыптастағы, Артықатадан табылған қыштағы көне жазулар (б.з.б. II–I ғғ.), Байыркұмнан табылған күміс тұғырдағы жазулар т.б. дәлел. Бұдан Отырарда көне төл жазу мәдениетіміздің дамығандығын аңғаруға болады.

Отырарда медресе, үлкен кітапхана болған. Отырар кітапханасының кітаптары туралы Бипай «Шайбани-намесінде» жазса, (XV–XVI ғғ.), бұхар тарихшысы Рузбихан Отырардың қолжазба кітаптары Сығанаққа дейін таратылған деді. Ел ауызында Отырар кітапханасы туралы небір аңыздар сақталған.

Ата-бабасынан пұтқа табынуды мирас еткен Отырар тұрғындары IX–X ғғ. мұсылманданды. «Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамда сансыз баб, ең үлкені Арыстанбаб» деп дәріптелген бүкіл мұсылман қауымына белгілі шейх, Ахмед Иассаuidің ұстазы Арыстанбаб осында дәріс берді және қайтыс болып жерленді. Осы Арыстанбаб кесене-мешітінде өткен ғасырдың 30-жж. дейін сақталып, кейін «қызылдардың қырғыны» кезінде талқандалып, Арыстың Сырдарияға құяр сағасындағы жиде тоғайына апарылып тасталған кітаптардың Бұхара медресесінің түлегі Әбусейіт Оңғарбайұлы сақтап қалған бір парасы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Отырар руханият музей-кітапханасының қорында сақтаулы тұр. Кітапхана қорында XVIII–XX ғғ. Дели, Мысыр, Ыстамбұл, Қазан, Ташкент т.б. қалаларда басылып шыққан, көшірілген «Тафсир әл-Құран», «Құран-Кәрім», «Кәлем Шариф», Ибн Ахмад Захиди аударған «Шариғат ұлағаты», ғұлама Фазалдың «Шариғат сақтаушысы», «Раддул Мұхтардың» 2–4 томдары, «Жами ал-Рамуз», «Шарх Жами», «Шариғат кітабы», «Пайғамбарлар тарихы», «Мың бір хадис», «Шариғат ұраны», «Емшілік кітабы», «Араб тілінің грамматикасы», «Қайырымдылық дәлелдері», «Турки хажнама», «Диуани Физули», «Диуани Хафиз», сопы Аллаярдың «Өлеңдері», Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани хикметі», Шәдітөре Жаһангерұлының «Алты бармағы» т.б. парсы, түркі, татар, қазақ тілдеріндегі қолжазба кітаптар болған.

Көпшілігіне «Арыстанбабқа» деп атап жазылып, мұсылман әлеміне белгілі жиырма қаридың тарихын жазған Садықұлы Молда Фахрудиннің мөрімен куәландырылған.

Отырар аймағында «Қобыланды», «Шора», «Едіге», «Мұңлық-Зарлық», «Қамбар батыр» т.б. қисса-жырлары туған. Ә.Диваевтың ел ауызынан жазып алған фольклор нұсқаларына қарағанда бұл аймақта ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері сақталған.

Отырарлық ақын-жыраулар шығыс жырларын аударып жатқа алып жырлаған. Мәселен, Майлықожа ақын арабтардың Иракпен соғысын баяндайтын «Зарқұм» дастанын қазақшалап жазып алып жырлап жүрген. Жырдың ғалым Әсілхан Оспанұлы тапсырған қолжазба нұсқасы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Отырар руханият музей-кітапханасының қорында сақтаулы тұр.

Отырарлық ақын Садуақас Жақашұлының «Оңтүстік Қазақстанның қысқаша тарихы» деген тарихи-этнографиялық қолжазба еңбегінде Отырардағы ойын-сауықтың көптеген түрлері аталады, олар: «Айт тойы», «Құдалар ойыны», «Қыз ойнақ», «Бәдік», «Ойын-той», «Көкпар ойыны», «Өлең ойыны», «Тартыс ойыны»; ұсақ ойындар: «Тоғызқұмалақ», «Дойбы ойыны», «Асық ойыны», «Бес-топ», «Алаш ойыны», «Ақсүйек ойыны» т.б. Отырарда айтыстың «Түре айтыс» деген түрі сақталған.

Отырар — рухани мәдениетіміздің әлемге әйгілі өкілдері шыққан өлке. Олардың топ жарғаны Әбу Насыр әл-Фараби. Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлах әл-Фараби (870 жылы отырар алқабындағы Оқсызтөбенің маңында дүниеге келді, 950 жылы Сирия, Шам елінде дүние салды) Отырардан шыққан ұлы ойшыл, энциклопедист-ғалым, «екінші ұстаз» (Әл Муғаллим ас Сани), Шығыстың Аристотелі атанған ғұлама. Ол сауатын Отырар медреселерінің бірінде ашқан. Шаш, Самарқанд, Бұхара, Мешһед, Нишапур, Рей, Исфахан, Харран, Бағдат қалаларының медреселерінің бірінде білімін жалғастырған.

Тарихи деректер бойынша, Әбу Насыр әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген. Философия, логика, этика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 164 трактат жазып қалдырды. Оның ғылым мен өнердегі үлкен дүниесі — оның музыкасы. Музыка теориясына арнап бірнеше еңбек жазған: «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Ірғақтардың классификациясы», «Ғылымдардың шығуы». Оның музыка теориясына арналған үлкен еңбегі «Музыканың ұлы кітабы» деп аталады. Бүкіләлем зерттеушілері музыка теориясының үлкен кітабы деп бағалаған Әбу Насыр әл-Фарабидің бұл еңбегінің көшірмесін Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданындағы Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығының филиалы әдебиет және өнер бөлімі негізінде құрылған Отырар руханияты музей-кітапханасына 1967 жылы Каирда басылып шыққан нұсқасын және арабша қолжазбасын тапсырған фарабитанушы Ақжан Машанов болатын. А.Машанов әл-Фарабиді таныту арқылы қазақ халқының ежелгі музыкалық мұраларын, музыкалық аспаптарын да жария етті, сол арқылы елдің салт-дәстүрін, рухани өресін, өнерге көзқарасын айқындап берді. Әбу Насыр әл-Фараби өз еңбегінде математикалық тәсілдер пайдаланып, музыкалық дыбыстарды тұңғыш қағаз бетіне түсірген. «Музыканың ұлы кітабы» атты трактатында музыкалық дыбыс сипаты, оның құрылымын, музыканың жақсы жақтары мен оның тәрбиелік мәнін жан-жақты ашып көрсетеді.

Қазақ халқының музыкалық аспаптары арқылы музыка мәдениетінің дамығаны белгілі. Халықтың аспаптық мәдениеті өте ерте заманнан бері қалыптаса бастаған, қазақ халқының музыкалық аспаптарының құрылымы, дыбыс ерекшеліктері, ойнау тәсілдері басқа халықтардікінен өзгешелігімен ерекшеленеді.

Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда ойын-сауық қойылымдары мен театр өнері ерте ортағасырда кең тараған. Жазба деректерде музыканттар, сиқыршылар, актерлер т.б. өнер иелері жайында жазылған. Сондай-ақ олардың бейнелері бізге бедерлер, қыштан жасалған бұйымдар, терракоталар, жапсырма бұйымдар арқылы жетті. Оңтүстік Қазақстанда театр өнерінің дамығанын Құйрықтөбеден ежелгі Кедер қалашығында қазба жұмыстары барысында табылған X–XI ғғ. тән бетперде, XI–XII ғғ. тән қыш ыдыстар, ағаш тақтайшалар арқылы біле аламыз. Сопакша және дөңестеу болып келген бетперденің биіктігі 20 см, ені 12 см. Оның ішкі жағында қалыпқа келтіру кезінде қалған саусақ іздері бар. Бетпердедегі көз бен ауыз орындары тар тесік түрінде кесіліп жасалған. Дөң мұрыны мен қастары томпайтылып берілген, ал құлақтары жабыстырылған [8].

IX–X ғғ. кең тараған музыкалық аспаптың бірі үрмелі саз аспабы — сазсырнайдың ең алғашқы түпнұсқасын 1968 ж. Отырар қаласының орнынан өлкетанушы, тарихшы, музей адамы атаған Асантай Әлімов тапқан. Сазсырнай саз балшықтан белгілі үлгідегі қалыпта екі сұлбада жасалып біріктіріледі. Кептіріліп, ойықтары ойылып, 960 градус ыстықта күйдіріліп, сыртына глазурь жағылады. Аспапты күйге келтіру үшін әуелі үрлеуге арналған ойықта сазсырнайдың ерінге тақалатын тұсының оң жағынан сәл солға қарай қиғаштау ояды. Сонда шанақ қуысына бағытталған ауа ішкі ернеуге тиіп, толқын пайда болады. Шанаққа тиген ауа толқыны жаңғырып, дыбыс шығады. Дыбысты қажетті биікте алу үшін белгілі бір көлемде аспаптың бүйірінен ойықтар жасалады. Ойықтарды сазбалшықпен үлкейтіп немесе кішірейту арқылы дыбыс қуаты төмен не жоғарылатылады.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың өзі ұсынған «Мәдени мұра» бағдарламасында 2004–2006 жж., 2007–2009 жж. бар мен жоғымызды түгендеп, келер ұрпаққа аманаттау керектігі айтылған, 2004 ж. 30 қыркүйегінде тарихи Отырар жерін халықаралық туризм орталығына айналдыру мақсатында Үкіметіміздің № 1009 шешімімен «Көне Отырардың өрлеуі» атты бағдарламасы қабылданды, түптеп келгенде осы мәдени іс-шаралардың барлығы да орта ғасырда әлемдік деңгейге жеткен Отырар өркениетін тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта өркендетуге, Отырардың мәдени ескерткіштерін сақтап, оны өскелең ұрпақтың рухани игілігіне айналдыруға бағытталған болатын. Ол игілік, біздің ұл-қыздарымыздың парасатты, ұлттық тарихи құндылығымызды қастерлейтін, еліне зиялы азамат болып өсуіне септігін тигізери сөзсіз.

Отырар оазисінің астанасы болған Отырар бүкіл Шығысқа заттық және рухани мәдениеті арқылы танылды. Отырар өркениетінің заттық және рухани мәдениеті ғылымға «Отырар-Қаратау археологиялық мәдениет ескерткіштері» деген атпен енген тарих пен мәдениет құндылықтарының қазақ тарихында алатын орны ерекше.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жәнібеков Ә. Ежелгі Отырар. — Алматы: Рауан, 1996.
- 2 Байпақов К. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. — Алматы: Қазығұрт, 2007.
- 3 Бердібаев Р. Садуақас ақын. — Алматы: Жұлдыз, 1983. — 15-б.
- 4 Грошев В.А. Ирригация Южного Казахстана в средние века. — Алма-Ата: Наука, 1985. — С. 50.
- 5 Ақышев К. Ертедегі ескерткіштер елесі. — Алматы: Қазақстан, 1976.
- 6 Байпақов К.М., Нұржанов А. Ұлы Жібек Жолы және орта ғасырлық Қазақстан. — Алматы, 1990. — 39-б.
- 7 Досжанова Т.С. Новые находки стеклянных изделий с городища Куйрыктобе // Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылым академиясының хабарлары. — Алматы, 1999. — 160-б.
- 8 Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. — Алматы: Аруна, 2005. — 196-б.

А.А.Жумашова

Материальная и духовная культура цивилизаций Отрара

В статье рассматриваются исследования, касающиеся материальной и духовной культуры древнего и средневекового Отрара. Отрарская цивилизация показана на основе трудов ученых-энциклопедистов во главе с Абу Наср аль-Фараби, наследия поэтов-жырау, музыкантов-композиторов, исследований средневековых городищ и поселений, остатков оросительных систем оазиса Отрара. Автор повествует о памятниках материально-бытовой культуры, характерных для времени от основания городищ и до их полного исчезновения, о культуре, которая вошла в археологическую науку под названием «Отрарско-Каратауская культура».

А.А.Zhumashova

Material culture civilizations Otrar

This article concerns the research of spirit and material cultures of an ancient Otrar. There were observed the basis of Otrar civilization which had its own place in the world civilization, became the studies and art of scientists, encyclopedists headed Abu Nasr al-Farabi, poets-zhyraus, musicians and composers. And concerns the research of the medieval towns and settlements, remains of water supply system of Otrar oasis, found monuments of material culture characterized the from remote time until its end. The author concerns the culture which entered into the science archaeology with the name «Otrar-Karatau culture».

УДК 930.1(574) «19»: 001.8

Г.М.Какенова

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана

Идейная борьба в среде творческой интеллигенции Казахстана в 1930-е гг. Проблемы изучения

В статье рассмотрены актуальные проблемы политики большевистского государства в отношении интеллигенции Казахстана в 30-е годы. Была исследована источниковедческая база, которую составляют архивные документы и материалы периодической печати тех лет. В соответствие с этим в научный оборот были введены новые данные и на их основе сделаны объективные выводы в рамках современных исторических взглядов по этой тематике.

Ключевые слова: история Казахстана, интеллигенция, власть, система, государственные чиновники, большевики, советские органы, журналистика, народное просвещение.

С первых дней прихода к власти, понимая, что образование и наука составляют единую систему, от которой напрямую зависит воспроизводство государственных чиновников и интеллигенции, большевики старались не только поставить все сферы духовного производства под свой контроль, но и воспитать особую разновидность интеллигентов, всецело разделявших их мораль и мировоззрение.

Больше всего политический контроль коснулся настроений интеллигенции в отношении к большевикам и идеологии марксизма-ленинизма. Вполне понятно, что эти настроения представляли собой сложный сплав политических взглядов. В этом контексте на позицию представителя интеллигенции, на наш взгляд, влияли образование, окружающая среда, состояние души, положительный или, наоборот, отрицательный опыт контакта с властями и др. Политические настроения интеллигенции были достаточно подвижны и менялись под воздействием конкретных событий. За годы «красного террора» и гражданской войны у интеллигенции отбили желание открыто выражать свое мнение по политическим вопросам. В 1920-е гг. масштабы политического контроля непомерно возросли. Впервые, он окончательно охватил все сферы общественной жизни, во-вторых, политическими стали считаться суждения по разнообразным вопросам, включая чисто житейские.